

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПЛАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

март Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ының ңі

не әдіс әлі де болса оқ. ылар сабақта өздерін қолданып, теориялық пылардың творчестылауын ескермейді. де сабақ тиісті растнейді, егер өте қалың басым көпшілігі дағы кешкі партия асихатшылардың әзір-бінен сабақтың өтпей ды.

комитетінің үгіт және қызметкерлері мұнкешкі партия мектесарту үшін шешуші р.

арихы мен теориясын суында осы сыяқты бар. Жекелеген бастары мен аудандық кооқушылардың жұмышылық жасамайды, кейді.

ндарындағы оқу жыаз-ақ уақыт қалды. стердің саяси оқуыкөпшіліктерге тезін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжлістері

26 марттағы кешкі мәжлістің күнделігі

26 марттағы кешкі мәжлісте Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және Қазақ ССР-нің 1950 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөздің жалғасы болды.

Жарыссөзде сөйлеген депутаттар республиканың экономикасы мен мәдениетін онан сайын өркендетуге және Қазақстан еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесін арттыруға бағытталған жаңа бюджетті бірауыздан мақұлдады.

Депутат **Н. Е. Бабнин** республика астанасы еңбекшілерінің коммунизм орнату ісіне қосқан үлесі туралы айтты. Алматының өнеркәсібі 1951 жылдың жоспарының 105,5 процент орындады. Қаланың 60 кәсіпорны жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Ауыр машина жасайтын және үшінші механикалық заводтардың коллективтері коммунизмнің ұлы құрылыстарының құрметті зақаздарын ойдағыдай орындауда.

Алайда, қалада артта қалып келе жатқан кәсіпорындары да бар. Мұндай кәсіпорындарының экономикалық көрсеткіштері төмен, өнімнің түр-түрлерін шығару жоспарын орындамайды, өнімнің сапасы үшін жеткілікті дәрежеде күрес

Бастауыш партия ұйымдары мен қалалық, аудандық партия комитеттері кәзір, партия оқуы орындарындағы оқу жылының шешуші кезеңінде жұмысты тыңғылықты ұйымдастырып, коммунистер мен партияда жоқ кадрлардың саяси оқуына көмектесуге міндетті,

нінде көтеріңкі міндеттемелер алды. Жаңа бюджет халық шаруашылығының барлық салаларын онан сайын өркендетуді қамтамасыз етеді.

Депутат **Үмбеталиев** республикамыздың Министрлер Советі жанындағы Жоғарғы Жол Басқармасының жұмысын едәуір сынады, бұл басқарма жолдарды, көпірлерді салуға және оларды жөндеуге жеткілікті көңіл бөлмейді. Мұнымен қатар, ол оқу және коммуналдық шаруашылық министрліктеріне де, байланыс Министрлігінің өкіліне, Қазақстанның тұтынушылар кооперациясы одағына бірқатар талаптар қойды.

Депутат **К. Н. Крюкова** Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту жөніндегі ұсынысты қосталды.

—Ақмола облысының ауыл шаруашылығын, өнеркәсібін және транспортын ұлғайту үшін, — деді ол, — жыл сайын көптеген қаржы жұмсалады. Соңғы жылдарда бюджеттің әлеуметтік-мәдени шараларға арналған шығыс бөлегі екіжарым есе көбейді. Мемлекет бұл қаржыны ағарту, денсаулық сақтау ісін онан сайын өркендетуге, еңбекшілердің мәдени-материалдық тілектерін қанағаттандыруға

налдық шаруашылық Министрлігін сынады, бұл Министрлік Бөкшетау қаласын көркейтуге жеткілікті назар аудармаған.

Сөзінің қорытындысында депутат **Сиридченко** Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекітуді ұсынды және Бөкшетау облысының еңбекшілерінің алға қойылған міндеттерді орындауға бар күштерін аямай жұмсайтындығына, елімізде коммунизм орнату ісіне өздерінің үлесін қосатындығына Жоғарғы Советке уәде берді.

Мұнан кейін депутат **М. Аталықов** сөз сөйледі.

—1951 жыл, — деді ол, — ұлы Отанымыздың тарихынан совет халқының коммунизмге қарай жеңіспен алға басқан жылының бірі болып орын алады. Бүкіл совет халқымен бірге, Жамбыл облысының еңбекшілері де өткен жылы өнеркәсіпті, ауылшаруашылығын онан сайын өркендету үшін ойдағыдай күрес жүргізді. Республикаға бағынатын және жергілікті өнеркәсіп орындары өндірістік жоспарды едәуір асыра орындады.

Колхозшылардың, совхоз жұмысшыла-

рының және ауыл шаруашылығы мамандарының қажырлы еңбегі астық дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға мүмкіндік берді. Қоғамдық мал бүкіл қыс бойына жай, құнарлы және концентрат мал азығымен қамтамасыз етілді. Колхоздар мен совхоздардың орталық усадьбаларында, сонымен бірге, отар учасоктерінде көптеген мал қоралары салынды, шахталы құдықтар қазылды және суаттар жасалды. Кәзір ауыл шаруашылығының еңбекшілері көктем егісі жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу үшін күресуде. Малға көптеген жаңа қоралар салу, биязы жүнді, жартылай биязы жүнді және ұяң жүнді қой санын мейлінше көбейту белгіленді.

Депутат **Аталықов** қалалар мен селоларды көркейту және мәдени-тұрғын үйлер салу жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлмегені үшін бірқатар министрліктер мен республикалық ұйымдарды сынады.

Осымен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші мәжлісі аяқталды.

27 марттағы мәжлістер туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Атап айтқанда, оларда мынадай кемшіліктерге жол беріліп жүр: марксизм-ленинизмнің теориялық мәселелері творчестволық жолмен кәзіргі жағдайға, партия ұйымы мен коммунистердің алдарында тұрған міндеттерге сәйкес баяндалмай жүр. Маркстік-лениндік қағидаларды, тарихи оқыйғаларды терең ұғынбай,

тыңғылықты ұйымдастырып, коммунистер мен партияда жоқ кадрлардың саяси оқуына көмектесуге міндетті.

Коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыздың маркстік-лениндік білім дәрежесін барған сайын арттыра беру үшін барлық шараларды жүзеге асырып, бар мүмкіншіліктерді толық пайдалану қажет.

—00—

Оңтүстікте егіс жұмыстары

СТАЛИНАБАД, Тәжікстан совхоздары мақта егуге кірісті. Куйбышев атындағы, Киров атындағы совхоздарда және «Сталинабадский» совхозында алғашқы ондаған гектар жерге мақта егілді. Егіс жұмысының барлығы да механикаландырылған. Егілер алдында тұқым күн көзіне кыздырылады, суперфосфатқа малшыланады.

Жаңадан меңгерілген жерлер есебінен былтырғы жылға қарағанда быйыл мақта жүздеген гектар артық егіледі.

ҚИСЛОВОДСКИ. Ауданның биік таудағы колхоздарында көктемгі дала жұмыстары былтырғыдан әлде қайда ерте басталды. Бұл арада күнбағыс егуге, еңалдымен, теңіз бетінен мың метрден астам биік тау басында орналасқан Сталин атындағы колхоз бірінші болып кірісті. Күнбағыс егу шаршы-ұялау әдісімен ғана жүргізілуде. Күздік егістерді тырмалау, отамалы дақылдарға арнап жер жұрту жұмыстары басталды.

(СОТА).

Жоспарды мерзімінен бұрын орындады

ТУЛА, (СОТА). «Красногвардейскуголь» тресіндегі № 8 Липковская шахтасы кеше отын өндірудің тоқсандық жоспарын «Тулауголь» комбинатында бірінші болып орындап, апрель айы есебіне жүздеген тонна отын берді.

Кеншілер коллективі озат технологияны қажырлылықпен меңгерді. Мұнда цикл алу графигі негізгі заңға айналды. Бұл

шахтаның отын өндіруді үнемі арттыруын қамтамасыз етті.

Жылдық жоспарды орындау жолындағы жарыста шахтаның кеншілері көрнекті орын алып келеді. Оларға комбинаттағы мандай алды коллектив атағы беріліп, БК(б)П облыстық комитеті мен облыстық атқару комитетінің ауыспалы Қызыл Туы табыс етілді.

Мінсіз сапалы өнім беретін 850 бригада

Москваның Л. М. Каганович атындағы мемлекеттік бірінші подшпник заводында 1136 бригада мінсіз сапалы өнім шығарушы деген атақ алу үшін жарысуда, мұның ішінде 850 бригада осы құрметті атаққа ие болды. 124 бөлімше және 8

цех осындай атаққа ие болды. Заводта коммунизмнің ұлы құрылыстарына баратын механизмдер мен машиналарға арналған подшпниктердің оннан аса түрін жаппай шығару меңгерілді.

(СОТА).

КОММУНИЗМНІҢ ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ЗАҚАЗДАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

ИЖЕВСКИ, (СОТА). Ленин атындағы құрылыс машиналарын жасау заводының коллективі редукторлар жасау жөніндегі коммунизмнің ұлы құрылыстарының барлық зақаздарын мерзімінен бұрын орындады. Оның үстіне кірпіш және цемент заводтары үшін көптеген әртүрлі машиналар мен жабдықтар жасалды.

Көзір бұл жерде конструкциясы жақсартылған краңды араластырғыштарды шығару меңгерілуде. Бұл машиналар шлақ араластыру үшін цемент кәсіпорындарында қолданылады. Әрбір агрегат бірнеше күрделі тораптардан құралады және әр қайсысының салмағы 15 тоннадан асады, оларды басқару автоматтандырылады.

оның өнімділігін арттыру үшін жарысуда.

—Алайда, облыстың өнеркәсібінде және ауыл шаруашылығында, — деді депутат Костенко, — әлі де толық пайдаланылмай келе жатқан мүмкіншіліктер бар. Әрбір өнеркәсіп, колхоз, МТС және совхоз бойынша ішкі қорларды толық пайдалану үшін күресті күшейту қажет. Барлық кәсіпорындарының бір келкі үздіксіз жұмыс істеуінің өнеркәсіп үшін аса зор маңызы бар. Облыстағы жергілікті маңызы бар кәсіпорындарының, атап айтқанда, автомобиль транспорты мен жергілікті отын өнеркәсібі кәсіпорындарының артта қалушылығы әлі күнге жойылған жоқ. Сауда ұйымдары товар айналымы жоспарының орындалуын қамтамасыз етпеді. Автомобиль транспорты, жергілікті өнеркәсіп және сауда министрліктері өздеріне қарасты кәсіпорындарындағы кемшіліктерді жоюға, еңбекшілердің өскелең талабын, еңалдымен шахтерлер мен металлургиягердің өскелең тілегін қанағаттандыру үшін сауданы кеңінен өрістетуге ерекше назар аударулары тиіс.

Депутат Костенко Мемлекеттік бюджетті бекіту жөнінде ұсыныс енгізді.

—Сессияның қарауына ұсынылған Қазақ ССР-нің бюджеті, — деді депутат Н. Үмбеталиев, — Советтік Қазақстанның экономикасының үздіксіз артқандығын бейнелейтін бейбіт еңбектер табысының сипаттамасы болып табылады. Мұнда халықтың әл-ауқат, материалдық жағдайын жақсартуға жасалған сталиндік қамқорлық айқын бейнеленген. Біздің бюджет — бейбітшілік бюджеті. Оның едәуір бөлегі халық-ағарту, денсаулық сақтау ісіне, коммуналдық құрылысқа жұмсалады.

Мұнан кейін депутат Үмбеталиев Алматы облысының халық шаруашылығының және мәдениетінің өркендегендігі туралы айтты. Колхозшылар, совхоздардың және МТС-тердің жұмысшылары, ауыл шаруашылығының мамандары быйыл қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын орындау және ауыл шаруашылығының барлық дақылдарының шығымдылығын арттыру жо-

өзінде-ақ жаңадан 61 аурухана, 114 фельдшерлік-акушеркалық пункттер, 31 санитарлық-эпидемиологиялық станциялар ашылды. Қарағандыда республикалық өкініш медициналық институт ашылды. Қазақстанның курорттары мен санаторийлерінде 11 мыңға жуық адамдар болды.

—Америка Құрама Штаттарында бюджеттің шығысының 80 проценттен артығы қарулануға, дүниежүзілік жаңа соғысқа әзірлік шараларына, адамзатты жаппай қырғынға ұшырататын қарулар жасауға жұмсалып отырғанда, — деді депутат, — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне ұсынылып отырған республиканың Мемлекеттік бюджеті большевиктік партияның, совет үкметінің, ұлы Сталиннің халықтың игілігіне үздіксіз қамқорлық жасағандығының айқын мысалы болып табылады. Біздің бюджет — бейбіт құрылыс бюджеті.

Біздер үшін, Ленин — Сталин партиясы тәрбиелеген совет адамдары үшін адам, адамның өмірі ең бағалы капитал болып табылады. Совет халқы коммунизм игілігі үшін, адамның бақытты болуы үшін еңбек етуде.

—Республикамыздың 1952 жылға арналған бюджеті, — деді депутат А. Н. Сириденченко, — республика шаруашылығының онан сайын өркендеуін және мәдени құрылысты қамтамасыз етеді. Бюджетте балаларды оқытуға, демалысты ұйымдастыруға аса зор қаржы босатылады. Көкшетау облысында 1951 жылы жергілікті бюджет есебінен ағарту ісіне 60 миллион сомнан аса қаржы жұмсалды. Облыста 500-ден аса мектеп бар. Облыстың халық-ағарту орындары партия және совет ұйымдарының басшылығымен және көмегі арқасында оқу-тәрбие жұмыстарын онан сайын жақсартты. Мектептерді оқу кітаптарымен, көрнекі оқу жабдықтарымен және жазу жабдықтарымен қамтамасыз ету жұмысы жақсарды. Оқушылардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Мектептер санын ұлғайту, жаңа мектеп үйлерін салу мәселесіне назар аудару қажет болып отыр.

Депутат Сириденченко Қазақ ССР комму-

зақ ССР-нің декреттік би 1950 жыл орындалуы жарыссөздің Председателі гарғы Совет жаубаев жо сөз берді.

Шешен е Оңтүстік Қа ннің халық ниетін өрке быстарына сіптің жақ 102,2 проц уголь» тр заводы, та жылдық өң нен бұрын с

Колхоздар уашылығын ашты. Егін шаруашылы жесі артты. колхоз бар. ташылары ның әр гект алуға және жылғыдан с тенді.

Халық п келешегіне ауыл шаруа ліктер қоғам кендету үші ғын арттыр даланылғанд жаңа жүйес Колхоздарды бек, жүзім уашылық ө кәсіпорында болса нашар

Өнеркәсіп техниканың мін арттыру шығынын қ Симаков Оң мып келе ж гетикалық б ды, ол күрд

ы Советінің мәжлістері

ға жет- рғанды- қк сак- орган- өйтінді- тыстағы- іне тоқ- қосымша

ның ша- гардағы- депутат- сұрылыс- ССР Су- сынады, ұрылыс- т сайын- орда об- салынуы олхоздар- мал ша- алады. орытын- еңбекші- бюджет- мсайтын танымыз- мәлімде-

порт Мп- публика- жұмы- жүз ай- ен екісі- не тие- салыс

аушылар- ен қала- нінде так- і техника- ағы со- жетті. илометрге- йақ ма-

ғындағы қуаңшылықты даланың табиғатын өзгертеді.

Депутат М. Әбділманова халық шаруашылығының жеке салаларындағы кемшіліктерді атап көрсетті. Әлі де болса кәсіпорындарының барлығы бірдей дерлік мемлекеттік жоспарды толық орындамайды, қажетті продукция өндірудің түр- түрлерін толық шығармайды және оның сапалылығы үшін жеткілікті дәрежеде

27 марттағы кешкі

27 марттағы кешкі мәжілісте Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және республиканың 1950 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндаманы талқылаудың жалғасы болды.

Председательдік етуші **Ғ. Ш. Қаржаубаев** жолдас депутат **В. И. Гагаринаға** сөз берді. Депутат **В. И. Гагарина**ның сөзі кейін газетте жарияланады.

Қазақ ССР Оқу Министрі депутат **Сембаев** жолдасқа сөз берілді.

—Совет үкметі, — деді Сембаев жолдас, — халық-ағарту ісіне жылма-жыл аса мол қаржы жұмсайды. Мәдениетті, халық-ағарту ісін өркендетуде дүние жүзіндегі капиталистік елдердің бірде-бірі біздің социалистік мемлекетпен теңдесе алмайды. Мысалы, Англияда ағарту ісіне бюджеттің небәрі 5 проценті, ал, Құрама Штаттарда 1 процентке жуығы ғана жұмсалды.

Жоғарғы Советтің бекітуіне ұсынылып отырған Қазақ ССР-нің 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті партия мен үкметтің жетіжылдық мектептерде балаларды жалпы оқытуға, республикада орта және жоғары білім алуды дамытуға аса зор қамқорлық жасап отырғандығын бейнелейді. Соғыстан кейінгі бесжылдықта Қазақстанда оқушылар саны 374 мың адам көбейті, ал 8—10 ұлестар арқылы

бүрес жүргізбейді, бірқатар колхоздарда мал қыстатуды ұйымдастыру нашар.

1952 жылдың бюджетін бекітуді ұсынып, Әбділманова Батыс Қазақстанның еңбекшілері бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің және халықтардың достығының мызғымас берік қамалы — Социалистік Отанымыздың қуатын нығайту үшін күресте жаңа табыстарға жететіндігіне сессияға уәде берді.

Осымен таңертеңгі мәжіліс жабылды.

27 марттағы кешкі мәжілістің күнделігі

бар күштерін аямай жұмсайтындықтарына Жоғарғы Советке уәде берді.

Міңбеде — депутат **Н. Пішенбаев**. Ол республиканың бюджеті совет үкметінің бейбітшілік сүйгіш сталиндік саясатының күмәнсіз дәлелдемесі болып табылатындығын атап көрсетті. Пішенбаев жолдас Семей облысы еңбекшілерінің бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі — еліміздің қуатын оған сайын нығайту ісіне қосқан үлестерін дәлелдейтін цифрлар келтірді. Облыстың өнеркәсібі 1951 жылдың жалпы өнім шығару жоспарын асыра орындады. Кәсіпорындары жоспардан тыс 20 миллион сомнан аса қор жыйнады. Колхоздар мен совхоздар астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады, барлық түлік бойынша мал санының едәуір артуын қамтамасыз етті.

—Экономиканың өркендеуімен бірге, — деді Пішенбаев жолдас, — еңбекшілердің материалдық әл-ауқат және мәдениеті де өсіп келеді. Денсаулық сақтау, ағарту және мәдени шараларға жұмсалатын қаржы жылдан-жылға арта түсуде.

Депутат **К. Пішенбаев** мұнан кейін өзінің сөзін Семей облысының экономикасы мен мәдениетін дамытудың болашағына әрпады, ол облыста мектептерді оған сайын ұлғайтуға, құрылыс материалдарын шығаруды арттыруға қаржы босату-

Мал қыстатуды үлгілі

аяқтайық!

Депутаттардың үлгілі ісі

Осы жылғы февраль айында Бугровое селолық Советі Мологов атындағы колхоздағы мал қыстатудың жайы туралы арнаулы мәселе қарады. Онда аталған колхозда малдың қысқы күтімінің мейлінше нашар ұйымдастырылып келе жатқандығы анықталды. Мұнда мал қоралары жанына тасылып алынған жемшөп мүлдем жоқ. Мал фермаларында еңбек ұйымдастыру тиісті дәрежеде емес. Малшылар малды жайлауға мезгілінде шықпайды. Олар жұмысқа кеш келіп, ерте қайтады. Мұның өзі малдың қоңының төмендеуіне, жемшөп қорының ысырап болуына әкеліп соққан. Күтімінің нашарлығын февраль айының өзінде ғана едәуір мал шығынға ұшырады. Осы сыяқты, жемшөп малға ұқыпсыз беріліп келген. Осының салдарынан январь және февраль айларында 800 центнердей жемшөп ысырап болған.

Мал қыстатуда мұндай олқылыққа жол берілуі — колхоз басшылары, әсіресе, мал фермаларының меңгерушілері мал қыстатуға жеткіліксіз басшылық жасаған.

Селолық Совет бұл колхозда мал қыстатуды ойдағыдай ұйымдастырудың нақтылы шараларын белгіледі. Колхоздың әрбір мал фермасына селолық Советтің депутаттары жіберілді. Оларға фермада еңбек ұйымдастыру ісін жолға қойып, малдың күтімін шұғыл жақсарту міндет етілді. Депутаттар мал фермаларында жиі-жиі болып, мал қыстатуға қолма-қол басшылық жасады. Мұнымен бірге, олар малшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын да өрістете жүргізді, күн сайын малшыларға газет, журналдар оқын тұрды және жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін шығарды. Бұл іске Васильев, Черевань және Гормань сыяқты

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 25 март. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы бүгін корей Халық армиясы құрамаларының қытай халық еріктілерімен тығыз байланыс жасай отырып, американо-ағылшын интервенттеріне және лисинманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізгенін хабарлады.

Дүшпан 26 және 27 мартта Йоньхонь, Кымсон және Мундзини аудандарына бір неше рет атака жасады. Бірақ, ол адам күші мен техника жағынан шығындарға ұшыратылып, шегіндіріліп тасталды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар отрядтары дүшпанның 4 самолетін атып түсірді.

АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫНЫҢ КОРЕЯНЫҢ БЕЙБІТ ҚАЛАЛАРЫНА ТАҒЫЛЫҚ ШАБУҢДЫ ЖАСАУЫ

ПХЕНЬЯН, 26 март. (СОТА). Американо-авиациясы Пхеньянға, Аньчжуге, Воньсанға, Яндокке, Сунянге, Нампхоға, Кореяның тағы басқа бейбіт қалаларына әлі де аюандықпен әуе шабуылдарын жасауда.

Марттың 25-нен 26-на қараған түні американдардың ауыр бомбардировщиктері Пхеньянда ерекше аюандықпен бомбаланды. 7 сағат бойына «В-29» бомбардировщиктері қаланың оңтүстік-батыс бөлігіндегі бұрын қыйратылған Сенчери және Кечури кварталдарына 100—500 килограмдық 300-ден астам бомба тастады.

Пхеньян қаласы халық комитетінің хабарына қарағанда, Тэдовган өзенінің жағалауларындағы қала шетіне орналасқан бұл кварталдарда ешқандай соғыс орындары жоқ. Бұл кварталдар құл-талқан болып қыйраған, бұрынғы үйлердің орындарында төбе-төбе болып жатқан орны ғана бар. Алдың-ала берілген мәдіметтер бойынша, тағылық шабуыл салдарынан 150-ден астам адам, оның ішінде көпшілігі әйелдер мен балалар өлген және жараланған.

Пхеньян қаласын марттың 25-нен 26-на қараған түні бомбалау, соғыс басталғаннан бергі ең күшті бомбалаулардың бірі болып есептеледі.

АМЕРИКАН АГРЕССОРЛАРЫНЫҢ БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРУДЫ ҚОЛДАНУ ФАКТІЛЕРІН ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫТАЙЛЫҚ

тастырылды.
Депутат Севрюгина Қазақ ССР Оқу
Министрлігінің Гурьев облысында жаңа

сипекшілері Сталинград жер суландыру
каналын салуға белсене қатысып келеді,
бұл канал Еділ-Жайық өзендері аралы-

жас ұрпақтарды коммунистік рухта тәр-
биелеу және оқыту жөніндегі Сталин
жолдастың нұсқауларын орындау үшін

елеулі кемшіліктерді атап көрсетті.
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің төртінші
мәжілісі осымен аяқталды.

оны іске түгел жұмыс
отыр.

—Су шаруашылығы мекемесі су шаруашылығын басқармай отыр

Үстіндегі қыстың бас кезінде облыстық су шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері игілікті іс бастарандай болды. Олар Петропавл ауданының Архангель селосының жанынан су бөгетін салуды қолға алды. Не майда, бұл жұмыс ақырына дейін жеткізілмеді, бастала түсті де, тоқтап қалды, екі-үш күннен кейін бөгет салатын жерде бірде-бір адам болмады, облыстық бөлімнің техникалары да бұл жерге қайтып оралған жоқ.

—Қайтейін, бұл бөгетті салсақ жүздеген гектар жерді суландырамыз едік, бірақ, ешкім, мүмкіншілігіміз жетіспеді және бөгет салу аса қиыншылыққа түсетін болды, — дейді облыстық су шаруашылығы бөлімінің бастығы Сиротин жолдас.

Сиротин жолдас Есіл өзенінің бойында бөгет жасау мүмкін емес, өйткені, Есілдің жарқабағы биік деген ұғымда көрінеді. Ал, бөлімнің мамандары Октябрь ауданынан Соколов ауданына дейінгі өзен бойы аралығында кемінде 4—5 жерден бөгет салуға болады, бұл — өзен маңындағы егістік алаңдардан, шабындықтар мен мал жайылымдарынан 30 мың гектардай жерді суландыруға мүмкіншілік береді дегенді айтады. Олай болса, іске не бөгет болып отыр?

Жоғарыда Сиротин жолдас айтқандай, облыстық су шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері қиыншылықты жеңуге үйренбеген сияқты, олар жұмыстың көлемі зорлығынан ат-тондарын ала қалып қарындай қарындай. Осының салдарынан аталған екі ауданның аралығындағы өзен

бойында барлау жұмыстары толық жүргізілгенімен, бөгет салуға болатын жерлерде бөгет құрылысын бастауға қам жасамай отыр. Едәлдімен, облыстық бөлімдегілер бөгеттердің жобаларын жасау мәселесін мүлдем ұмыт қалдырып қойды.

Есіл өзенінің жарқабағы биік, онда муз бөгеттерін және тұрақты бөгеттер жасауға қиын-ақ болсын. Ал, Ленин ауданының бірсыңыра колхоздарының жерін басып өтетін Қамсақты өзеншесінің жарқабағы ойна биік емес, онда муз бөгеттерін жасау арқылы мың гектардан аса жерді суландыруға болады.

Қамсақты өзеншесін жер суаруға пайдалануға облыстық ұйымдар тарапынан да тиісті көмек көрсетіліп келеді. Өзенде тұрақты бөгеттер құрылысын жасауға бюджеттен 165 мың сом қаржы да босатылды. Солай бола тұрса да, облыстық су шаруашылығы басқармасы бұл өзенде де су бөгеттерін жасауға нақтылы кіріспей, бұл сияқты игілікті шараны күні бүгінге дейін жоспарлаумен ғана, «осыдан пәлекеті тиімділік болады-ау» деген болжаумен ғана тынып жүр. Бұл екі мысал облыстық су шаруашылығы бөлімі басшыларының су шаруашылығын одан әрі өркендету жөніндегі түйінді мәселемен күні бүгінге дейін мықтап шұғылданбай жүргендігін сипаттайды.

Егістік алаңды, мал жайылымдарын және шабындықтарды жайып суару әдісін кеңінен қолдану күресінде табиғи суларды барынша тиімді пайдаланумен бірге, қар суын тоқтатуға қардан, гас-

тан, қамыстан және талдан бөгеттер, қалқандар жасалуға тиіс. Алайда, бұл жұмысқа облыстың бірде-бір ауданы шындығында кіріспей отыр. Тастан бөгет жасауға кірісті деген Октябрь ауданының өзінде жұмыс қарқыны өте-мөте баяу. Сонымен бірге, әресе, огород, сол сияқты, бау-бақша дақылдарын суаруға пайдаланылатын су қоймаларын жасауға әзірліктің барысы да қанағаттанғысыз. Облыстық су шаруашылығы бөлімі құрылысы өткен жылы басталған 5 су қоймасының пайдалануға берілуін қамтамасыз ете алмады. Бөлімнің қызметкерлері Петропавл ауданының «Красный пахарь» колхозында су қоймасын жасау үшін өткен жылдың өзінде барлау жұмыстарын аяқтаған болатын. Ал, мұнда су қоймасының жобасын жасау жуырда ғана аяқталды. Бөлімнің суландыру мәселесімен тікелей шұғылданатын 7 қызметкері бүгін қыс бойына қолда бар су қорларын есенге алудан басқа марадымы ештеңе істеген жоқ.

Облыстық су шаруашылығы бөлімінің колхоз және совхоз егіншілерін, сол сияқты, мал шаруашылығы қызметкерлерін су шаруашылығын онан әрі өркендету күресіне жаппай жұмылдыра алмауы салдарынан облыс бойынша 95 мың гектар жерге қар суын тоқтату жоспарының оннан бір бөлегі ғана орындалды. Булаев және Приешіт аудандарының колхоздарында қар суын тоқтатуға күні бүгінге дейін ешқандай әзірлік жұмыстары жүргізілген жоқ. Бұл аудандардың ауылшаруашылық орындары егістік жерлерді, мал жайылымдары мен шабындықтарды жайып суаруға едәуір дәрежеде мүмкіншілік беретін қар және муз бөгеттерін жасау мәселесін ұйымдастырудан тыс қалып келеді.

Қар суын бөгеуге әзірлік жөніндегі

жоспар бұл жұмыста алда келе жатыр деген Полудень ауданында да жартылай қана орындалды. Өйткені, аудандық ауылшаруашылық бөлімі, сол сияқты, партия және совет ұйымдары қар суын бөгеуге, сөйтіп, жерді жайып суару негізін қалауға атсалысып кіріскен Чкалов атындағы, Сталин атындағы, «Путь Ильича» ауылшаруашылық артельдері мүшелерінің үлгілі істерін ауданның барлық колхозшыларының игілігіне айналдыра алмай жүр.

Мұндай алдыңғы қатарлы колхоздар Ленин ауданында да бар. Ауданның Сталин атындағы, Молотов атындағы және «Советский» ауылшаруашылық артельдері қардан бөгеттер жасау жөніндегі тапсырманы ойдағыдай жүзеге асырды. Осындай фактілер, қар суын тоқтатуға үлгілі әзірлік жүргізіп жатқан колхоздар мен совхоздардың мысалдары облыстық су шаруашылығы басқармасына да көптен түсіп жатыр. Өйткені, бөлімнің қызметкерлері, оның бастығы Сиротин жолдас жерді жайып суаруға тыңғылықты әзірлік жасап жатқан озат шаруашылықтардың игілікті істерінің барлық шаруашылықтарда қолдау табуына жетісе алмай -ақ келеді. Оның орнына, олар:

—Су шаруашылығын өркендету мәселесі біздің облыс үшін жаңа мәселе, мұның маңызын жұртшылық әлі түсініп болған жоқ, сонымен бірге, су шаруашылығы құрылыстарын жүзеге асыруға техникамыз да жеткіліксіз, — деп байбалам салады.

Облыста су қорын ауыл шаруашылығының игілігіне пайдалануға әзірліктің қанағаттанғысыз болып отырғандығының басты себептерінің бірі, міне, осы.

Ал, облыстық су шаруашылығы бөлімі облыстың колхоздары мен совхоздарында

және басқа да шаруашылығын онан нақтылы шараларын бұл сияқты игілікті совхоз егіншілері мен нақтылы көмек көрсетілді, оның жұмысының жайы және баулықтардан түскен ақша, тіркестіретін отыр.

Су шаруашылығы февраль айы ішінде (лиезалық кезесіне қал көсеміміз Сталин жол жерлерді суару және сын кең көлемде ауылшаруашылық дағдылығын арттырылығының жемшөп қор молайта беруге міндеттемеге облыстық су імінің қызметкерлері деме берген сертті және облыстың су қорлығының игілігіне ліктің барлық жағы жүргізілуін қамтамасыз шаруашылығы қызмет борышы. Олар кө пайдалануға әзірлікті тірмеу керек екенін еру жүйелерін әзірлеу, ру жұмыстарымен на ға тиіс. Су қорларын тылы жұмыс графигін ұйымдар арқылы градалуына жетісетін бо.

Кәзір су шаруашырынен осы талап етіле

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс е